

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

2025 жылғы 27-29 наурызда Қазақстан Республикасы Астана қаласындағы «Zertteushi» Халықаралық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесі Түркия Республикасы Анкара қаласындағы Башкент университетімен бірлесіп «**Білім беруді және ғылымды дамытудың халықаралық тәжірибесі**» атты **Халықаралық конференция** өткізеді.

Халықаралық конференцияны өткізудің негіздері:

- Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 25 желтоқсандағы № 744 «Жұмысшы мамандықтарының жылын жариялау туралы» Жарлығы;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 1134 қаулысымен бекітілген «Жұмысшы мамандықтарының жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары»;
- 2024 жылғы 10 мамырда күшіне енген Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісім;
- 2024 жылғы 23 желтоқсанда қол қойылып, бекітілген Түркия Республикасы Анкара қаласындағы Башкент университеті мен Қазақстан Республикасы Астана қаласындағы «Zertteushi» Халықаралық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесі арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісім.

Халықаралық конференцияның мақсаты: білім беру саласында тәжірибе алмасу, бірлескен жобаларды жүргізу, ақпарат және ғылыми жарияланымдармен алмасуды ынталандыру.

Халықаралық конференция Zoom платформасы арқылы онлайн түрде өткізіледі.

Халықаралық конференция өткізілетін Zoom платформасының сілтемесі 2025 жылғы 28 ақпаннан кейін, баяндамаларды (мақалаларды) қабылдау аяқталған соң, авторлардың ұялы телефон нөмірлеріне WhatsApp арқылы жіберіледі.

Университеттердің, ғылыми институттардың, колледждердің, мектептердің педагогтерін, профессор-оқытушыларын, оқытушы-зерттеушілерін, жас ғалымдарын, докторанттарын, магистрлерін, магистранттарын және студенттерін халықаралық конференцияға қатысуға және қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінің бірінде жазылған баяндамаларын (мақалаларын) ұсынуға шақырамыз.

Халықаралық конференцияға Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 30 қыркүйектегі № 466 бұйрығымен бекітілген «Ғылыми бағыттар сыныптауышындағы» төмендегі ғылым бағыттарының бірі бойынша жазылған баяндамалар (мақалалар) қабылданады:

1. Білім;
2. Психология ғылымдары;
3. Экономика және бизнес;
4. Әлеуметтану ғылымдары;
5. Құқықтану ғылымдары;
6. Саясаттану ғылымдары;
7. Әлеуметтік және экономикалық география;
8. Журналистика және байланыс;
9. Басқа әлеуметтік ғылымдар;
10. Тарих және археология;
11. Тіл және әдебиет;
12. Философия, этика және дін;
13. Өнер.

Халықаралық конференцияға қабылданатын баяндамаларға (мақалаларға) қойылатын талаптар:

Ғылыми мақала – бұрын жарияланбаған және жаңалығы бар авторлық әзірлемелерді, қорытындыларды, ұсынымдарды қамтитын, эксперименттік немесе талдамалық қызметтің, ғылыми зерттеудің өзіндік тұжырымдары мен аралық немесе түпкілікті нәтижелерін; немесе ортақ тақырыпқа байланысты бұрын жарияланған ғылыми мақалаларды қарауға арналған (жүйелі шолу) баяндау.

Ғылыми мақаланың құрылымы атауынан, аннотациядан, түйін сөздерден, кіріспеден, материалдар мен әдістерден, нәтижелерден, талқылаудан, қорытындыдан, қаржыландыру туралы ақпараттан (бар болған жағдайда), әдебиеттер тізімінен тұрады.

Ұсынылатын баяндамалар (мақалалар) компьютерде терілген электрондық нұсқада мына талаптарға сай дайындалып, жолданады:

- Көлемі 10 беттен аспайтын мәтін А4 пішініндегі ақ парақ бетіне бір интервалмен, WORD (doc) форматында, 14 өлшемдегі Times New Roman қарпімен қатесіз терілуі;

- Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде 3-5 сөйлемнен тұратын қысқаша аңдатпа-түйін жазылуы;

- Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде 3-5 сөзден тұратын кілт сөздер жазылуы;

- Сол жағынан – 15 мм, жоғары, төменгі, оң жақтарынан – 10 мм орын қалдырылуы;

- Жоғарғы жағында тақырып, автордың тегі, аты, әкесінің аты мен оқытатын пәні немесе оқитын мамандығы, университеттің, ғылыми институттың, колледждің, мектептің орналасқан ауданы мен қаласы, облысы, толық мекен-жайы көрсетілуі;

- Пайдаланылған әдебиеттерге сілтеме ғылыми мәтін ішінде жақша (1) арқылы жасалуы;

- Соңында пайдаланылған дерек көздері мен әдебиеттердің тізімі берілуі қажет.

Ұсынылған барлық баяндамалар (мақалалар) сараптаудан және редакциялаудан өткізіліп, плагиатқа қарсы тексеріледі.

Халықаралық конференцияның баяндамалары (мақалалары) Халықаралық «Zertteushi» ғылыми басылымында (scientific publication «Zertteushi») жарияланады.

Халықаралық конференцияға қатысып, баяндама (мақала) ұсынған авторларға «Zertteushi» Халықаралық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесінің арнайы электрондық Сертификаттары беріледі.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының «Білім беру ұйымдарының ақылы негізде тауарлар (жұмыстар, қызметтер көрсету) ұсынуы» жөніндегі 63-бабына, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңының 33, 35-баптарына сәйкес халықаралық конференцияға қатысу және баяндамаларын (мақалаларын) ғылыми басылымда жариялау үшін авторлар арнайы жарна төлейді.

Жарнаның мөлшерін ғылыми басылымның құрылтайшысы белгілейді.

Жарна мөлшері: 10500 (он мың бес жүз) теңге.

Баяндаманың (мақаланың) электрондық нұсқасы және төлемақы түбіртегінің көшірмесі Интернеттегі мына электрондық пошта арқылы қабылданады:

E-mail: zertteushi.kz@gmail.com

Авторлардың баяндамаларын (мақалаларын) және авторлар туралы мәліметтерді қабылдаудың соңғы күні – 2025 жылғы 28 ақпан.

Біздің есепшотымыз:

«Zertteushi» Халықаралық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесі

БСН: 171240000766

Шоттың нөмірі: KZ188562203140023710

Картаның нөмірі: 4899 8888 9559 8997

Банктің атауы: АО Банк ЦентрКредит

БСК: КСJBKZKX

КБе: 17

КНП: 859

Біздің Интернет-ресурсымыз:

<https://zertteushi-ortalygy.kz/>

Қосымша ақпарат алу үшін байланыс:

Ләзиза Мырзантайқызы (+7 707 355 64 48).

Ұйымдастыру комитеті

2025 жылғы 27-29 наурызда Қазақстан Республикасы Астана қаласындағы «Zertteushi» Халықаралық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесі мен Түркия Республикасы Анкара қаласындағы Башкент университетінің «Білім беруді және ғылымды дамытудың халықаралық тәжірибесі» атты Халықаралық онлайн конференциясының қатысушысы туралы мәлімет:

№№	Төлқұжат бойынша тегі, аты, әкесінің аты, баяндаманың (мақаланың) тақырыбы Университет, ғылыми институт, колледж, мектептің толық атауы, облыс, қала, ауданның толық атауы	Халықаралық конференцияда онлайн түрде баяндама жасаймын (+ немесе – белгісі)	Халықаралық конференцияға тындаушы ретінде онлайн түрде қатысамын және баяндама (мақала) ұсынамын (+ немесе – белгісі)	Ұялы байланыс нөмірі